

Ж.К. Кенжебекова\*, Г.Т. Мусабалина, С.К. Қабылтаева

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
(E-mail: kenzhebekova-1995@mail.ru; mussabalina@yandex.kz; uteubaeva81@mail.ru)*

## Қазақстандағы медиация институтының қалыптасу тарихы: мәселелері мен болашағы

Мақалада ежелгі дүниеден бастап қазіргі кезеңге дейін әртүрлі мәдениеттерде көрініс табатын, тарихи қалыптасқан және дамыған, күрделі әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде Қазақстандағы медиация институтының қалыптасу тарихы зерттелген. Медиация институтының даму мәселелері мен болашағы талданған. Сонымен қатар медиацияның ерекшеліктері, принциптері қарастырылып, қазақтандық қоғамдағы медиацияның дамуына кедергі келтіретін этнопсихологиялық ерекшеліктерді ашып көрсетуге талпыныс жасалған. Авторлар Қазақстандағы шиеленістерді шешудің тиімді құралының дамуына ықпал ететін «Медиация жөніндегі» Заңның жүзеге асырылуы мәселелерін, азаматтық сот ісіндегі медиацияны қолдану тәжірибесін қарастырған.

*Кілт сөздер:* медиация институты, медиация институтының қалыптасу тарихы, медиатор, шиеленісті шешудің баламалы құралы, ұлттаралық шиеленіс, Қазақстан.

### *Кіріспе*

Адамзат тарихының барлық кезеңінде дау-жанжалдарды шешудің көптеген әртүрлі әдіс-тәсілдері бар екені белгілі. Мұндай әдіс-тәсілдердің бірі — медиация болып саналады. Дау-жанжалдарды шешудің басқа тәсілдері (келіссөздер, диалог, арбитраж, сот т.б.) сияқты медиацияның да әлеуметтік және саяси деңгейлердегі өзіндік ерекшеліктері бар және қазіргі уақытта медиация қоғамдық үрдістерді басқарудың тәжірибесінде белсенді түрде қолданысқа ие. Медиация — бұл үшінші тараптың қатысуы арқылы жүретін және адамзат қатынастарының даму тарихынан бастау алатын, бірақ қазіргі тәжірибеде ХХ ғасырдың ІІ жартысында бекітілген келіссөз үрдісі болып саналады. Бүгінгі таңда құқықтық жүйесі дамыған мемлекеттерде әртүрлі шиеленістерді шешу барысында медиация кеңінен қолданылып, азаматтар медиатордың көмегін жиі қолданады. Сондықтан қазіргі уақыттағы Қазақстандағы медиация институтының қалыптасуы мен даму тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеудің қажеттілігі оның еліміз үшін жаңа институт болуымен және қоғам мен ғылыми қауымдастық тарапынан қызығушылықтың артуымен байланысты.

### *Зерттеу әдістері*

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін танымның жалпы ғылыми және арнайы әдістері құрайды. Қазақстандағы медиация институтының қалыптасуы мен даму тарихын және шетелдердегі медиацияның дамуын қарастыру барысында салыстырмалы талдау, диалектикалық және тарихи жүйелілік әдісі қолданылды. Осымен бірге, тарихи-құқықтық әдістің негізінде нормативті деректерге талдау жасалды, медиация институтының тарихи заңдылықтары анықталды және болашақтағы даму мәселелері зерттелді.

### *Мәселені талқылау*

Қазіргі уақытта қоғамда әртүрлі бағыттағы, соның ішінде әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени, діни және басқада бағыттардағы даулар мен шиеленістер кеңінен орын алып отыр. Әрине, бұл заңды құбылыс болып табылады. Себебі уақыттың өтуімен кез келген бір әлеуметтік құрылымда жекелеген индивидтердің немесе топтардың арасында ресурстардың тапшылығы және т.б. себептерге байланысты шиеленістік жағдайлар пайда болады. Осындай шиеленіскен даулы жағдайларды шешу барысында медиацияның рөлі жоғары. «Медиация» ұғымы «mediate» деген латын сөзінен шыққан және делдалдық дегенді білдіреді. Медиация — бұл кез келген дауды немесе шиеленісті бейтарап және дауға немесе шиеленіске қызығушылық танытпайтын үшінші тараптың қатысуымен реттеудің

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: kenzhebekova-1995@mail.ru

балама әдісі болып саналады. Үшінші тарап медиатор ретінде дауласушы немесе өз алдына соттасушы тараптардың белгілі бір келісімге келуіне ықпал етеді. Дегенмен, зерттеушілер «медиация» ұғымына әртүрлі баға береді. Мысалы, А. Рау, Т. Шерман және С. Пеппет дауларды шешудің баламалы әдістерін зерттей келе, медиацияны үшінші бейтараптың қатысуымен дауласушы екі тараптың өз қателіктерін және әртүрлі көзқарастарды анықтауға талпыныс жасайтын, дауды шешудің баламалы мүмкіндіктерін зерттейтін және келісімге қол жеткізу үшін компромис іздейтін үрдіс ретінде анықтайды [1; 26]. Мұрдың пікірінше медиация — бұл дауды реттеу жөнінде шешім қабылдауға құзыреті жоқ, бірақ дауды өз еріктерімен шешуге көмектесетін үшінші тараптың келіссөз үрдісіне немесе шиеленіске араласуы [2]. Келесі зерттеушілер П.С. Прибутко, Ю.В. Михайленко және Л.М. Дубчак медиацияны шиеленіскен жағдайды шешу үшін медиаторды жеке және жасырын түрінде қолдану деп көрсетеді. Олардың пікірінше медиацияның сот ісі және басқада күштеу рәсімдері үшін балама ретінде бірқатар артықшылықтарға ие. Мұндай артықшылықтардың ішіндегі ең маңыздысы — дауды қызығушылық танытатын тараптарды теңдей деңгейде қанағаттандыруға бағытталған ерікті және әділдік жолы арқылы шешу болып саналады [3].

Әрине, медиацияның тарихы ежелгі дәуірден бастау алады. Өзімізге белгілі, кез келген бір тарихи кезеңде тараптардың арасында орын алған дауларды уақытша немесе біржолата шешуге мүмкіндік беретін әдістердің кешенін қамтитын дауларды реттеудің әртүрлі формалары қалыптасты. Сондықтан медиацияның қалыптасу және дамуының бірнеше кезеңдерін бөліп көрсетуге болады. Ресейлік зерттеуші В.В. Коломытцеваның пікірінше медиацияның қалыптасуының бірінші кезеңін алғашқы қауымдық құрылыс пен антикалық дәуірдегі тайпалар арасындағы және қауымдардағы, соңынан қала-мемлекеттер арасындағы дауларды реттеу қажеттіліктерінің туындауымен байланыстырады [4; 268]. Әрине, бұл кезеңде «медиация» ұғымы ресми түрде қолданылған жоқ. Дегенмен, Ежелгі дәуірде өзара сауданың дамыған аймақтарында медиация рәсімінің дамуы байқалады. Тарихшылар қазіргі медиацияның бастауын теңіз саудасы дамыған Финикиялық өркениеттен және Ежелгі Вавилоннан табады, соңынан медиация институты Грецияда және Ежелгі Римде дамыды. Мысалы, Ежелгі Римде Дигестов Юстиниан кезеңінен бастап медиаторлардың ережелерін заң түрінде бекіткен және бұл Рим құқығында әртүрлі атаулармен аталған [5; 16]. Аталған елдерден басқа татуластыру рәсімі Африкада орын алған. Көптеген Африка мемлекеттерінде дауды үшінші сенімді тарап арқылы шешетін халық жиналысы институты әлі күнге дейін сақталған [6]. Ежелгі Русьте медиацияның көмегі арқылы княздық және өзара дауларды, осымен бірге халықаралық сипаттағы шиеленістерді шешуге талпыныс жасаған. XIX ғ. басында Ресей империясында коммерциялық соттар жүйесі қалыптасты және тиімді түрде қызмет жасаған. Сол кезеңдегі Ресей империясында коммерциялық соттарының есебінде «медиатор» түсінігі қолданылып, медиатордың көмегі арқылы сауда саласына қатысты дауларды шешудегі тиімділігі атап көрсетілген [7; 9].

Қазақстанда дауларды шешудің баламалы әдістерін қолданудың да өзіндік тарихы бар. Өзімізге белгілі, көшпелі қазақ тайпалары билер сотын кеңінен қолданылды. Халық өкілі ретінде билердің билікке араласқандығын ескерсек, қазақ қоғамының басқару жүйесі далалық демократия үлгісіне жататындығы даусыз. Билер институты ерте заманда пайда болып, халқымыздың тарихында белгілі бір даму кезеңдерін басынан кешірді. Билер сот билігін жүзеге асырушы судья ретінде танылды. Осыған орай, билер әдет құқығы нормаларын жақсы меңгеріп, оны қажетті жерінде қолдана білуге тиіс болды және осы екі қасиетті игере білгенде ғана ел ішінде билік айтуға мүмкіндік алды. Билердің рөлі туралы Шоқан Уәлиханов «Ежелгі халықтық үлгідегі билер соты» атты еңбегінде: «Қазақ даласында құрметті би атағы халық тарапынан қандай да сайлау жолымен немесе халықты билеп отырған өкіметтің бекітуімен емес, тек сот рәсімін терең білетін, оған қоса шешендік өнерді меңгерген қазаққа ғана берілген. Би атану үшін би атанғысы келген адам халық алдында әлденеше шешендік сайысқа түсіп, өзінің білімділігін, шешендігін танытатын болған» [8; 39] деп атап көрсетеді. Ауыл тарабынан сайланған бидің негізгі мақсаттарының бірі — дауласушы тараптарды татуластыру болды. Билер соты өзінің юрисдикциясына кірмейтін, яғни басқа ауылдар мен тайпалардың істерін қарастырған жоқ. Сұлтаннар кеңесі мен хан жанындағы атақты билер мемлекеттік маңызы бар істерді, сонымен қатар жүздер мен тайпалардың арасындағы келіспеушіліктерді қарастырды. Сондықтан, билер соты қазақ қоғамының қалыптасуында маңызды рөл атқарды және қазіргі уақытта қазақ халқының мұрасы болып табылады. Сондықтан, бүгінгі таңдағы медиация билер институтына ұқсас болып келгенімен, олардың арасында айырмашылықтар бар. Олар, біріншіден, билер дауды көпшіліктің алдында шешсе, қазіргі таңдағы медиация үрдісінің шеңберінде дау жасырын түрінде қарастырылады, екіншіден, би-

лер белгілі бір дау бойынша шешім шығарса, медиаторлар кәсіби дағдыға ие бола отырып, шешім шығаруға тек қана көмектесіп қояды.

Орта ғасырларда және жаңа кезеңде медиация институты дамуының екінші кезеңі басталады. Бұл кезеңдегі медиацияның тарихы мемлекеттердің арасында орын алған ұзақ жылдық соғыстарды аяқтаудың қажеттілігімен байланысты болды. Бұл кезең 1803 ж. адамзаттың тарихында алғаш рет медиация саласындағы құжаттың — «Делдалдық жөніндегі актінің» қабылдануымен сипатталады. Сондықтан, дәл осы кезеңде медиацияның дамуы басталды деп атап көрсетуге болады. Орта ғасырлар мен Жаңа кезең тарихының тоғысында адамзат тарихындағы ең ұзақ және барлық Еуропа мемлекеттері мен Ресейді қамтыған шиеленіс — отыз жылдық соғыс 1648 ж. татуласу үрдісі негізінде келісімшарттарға қол қоюмен аяқталып, медиацияның арқасында шешімін тапты. Жаңа кезеңде Швейцария, Германия және Франция арасындағы шиеленісте Наполеон Бонапарттың делдалдық жасауының нәтижесінде медиацияның орын алғанын көруімізге болады. 1803 ж. Наполеон Бонапарт Швейцарияның тәуелсіздігін және оның бұрынғы мемлекеттік құрылысын қалпына келтіруге мүмкіндік берген «Медиация жөніндегі актіні» бекітеді.

Медиацияның дамуының үшінші кезеңі медиацияны дамытудың жаппай қажеттілігімен және оны заңнамалық деңгейде бекітіп, қызметтің әртүрлі салаларында қолданумен сипатталады. Бұл кезеңге ХХ ғ. ІІ жартысындағы ағылшын-саксондық құқық елдерінде — АҚШ, Австрия, Ұлыбританияда, соңынан континентальды Еуропада медиацияның қарқынды дамуы және қазіргі «медиация» түсінігін кеңінен қолдану тән.

Мысалы, ХХ ғ. басында-ақ американдық экономикада шиеленістің жаңа түрі — кәсіби одақтар мен жұмыс берушілер арасында жұмыстың жағдайы мен жалақының көлеміне байланысты күрес орын алған. Осының нәтижесінде ереуілдер, жаппай жұмыстан шығару және фабрикаларды жабу қаупі төнген кезде АҚШ билік басындағылар дауласушы тараптарға бейтарап делдал ретінде еңбек министрлігін қолдануды ұсынады. Бұл міндетті жүзеге асыру мақсатында 1947 ж. арнайы федералдық орган — Медиация және татуластыру рәсімі бойынша АҚШ Федералдық қызметі құрылады. 1970 ж. бастап АҚШ-та медиация дербес жеке рәсімге айналған және оған деген қызығушылық арта түскен. Осы кезеңде жалға алушылар мен жалға берушілердің арасындағы даулар және отбасылық даулар туындаған кезде тегін немесе арзан медиациялық қызмет ұсынатын жергілікті мемлекеттік емес ұйымдар пайда бола бастады. 1980 ж. бастап медиация институты өзінің территориясын кеңейте бастайды, татуластыру рәсімдері Америкадан Англияға, Ирландияға, Канадаға, Үндістанға, Австралияға, соңынан бүкіл Еуропаға тарай бастайды. 1999 ж. Венада медиация бойынша халықаралық конференция өткен және осы кезеңнен бастап медиацияны Халықаралық қауымдастық ресми түрде мойындайды. Ал, 2000 ж. бастап медиация халықаралық құқық пен халықаралық қатынастардың фактісіне айналады және мәдениетаралық, ұлтаралық, этникалық, өркениеттік, экономикалық, сауда және әскери дау-шиеленістерді шешу барысында белсенді түрде қолданыла бастайды [9; 7].

2011 ж. 29 қаңтарында қазіргі кезеңдегі қазақстандық қоғамға қажет болып табылатын «Медиация жөніндегі» Заңға қол қойылғаны мәлім. Бұл Заң Қазақстандағы даулар мен шиеленістерді реттеудің құралы ретінде медиацияны қолданудың және дамытудың құқықтық негізін жасап берді. Осымен бірге медиация институты Қазақстанның территориясында ғана емес, халықаралық деңгейде де кеңінен қолдау тапты. Атап айтқанда, 2012 ж. 26 наурызында Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты «Қазақстан Республикасында медиация институтын енгізу» жобасы аясында БҰҰ-ның 2012-2014 жылдарға арналған даму бағдарламасы жөнінде келісімге қол қойды. Осы келісімдерден кейін Қазақстанда жыл сайын Германия, Словения, Швейцария, Беларусь және Еуропалық одақ елдері сарапшыларының қатысуымен халықаралық конференциялар мен ақпараттық семинар-тренингтер және дөңгелек үстелдер, т.б. іс-шаралар жиі өткізіліп тұрады. Қазіргі кезеңде Қазақстанның әлемдегі ең дамыған елдер қатарына кіру бағдарламасы, белсенді интеграциялық үрдістер сот өндірісінің уақыттың қатерлеріне теңбе-тең болуын талап етуде. Бұл ретте азаматтық сот ісін жүргізудің жаңа үлгісі тараптар мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз ететін прагматикалық тәсілдерге негізделген.

Дегенмен, елімізде «Медиация жөніндегі» Заң қабылданғанымен қазіргі кезеңде медиацияның қызметін қолдану жаппай сипатқа ие болған жоқ. Себебі әлі күнге дейін Қазақстандағы медиация институты өзінің қалыптасу кезеңінен өтіп жатыр. Әрине, елімізде дауларды реттеудің маңызды әлеуметтік технологиясын дамытуға ықпал ететін маңызды факторлар бар. Мұндай факторлардың қатарына атқарушы биліктің аймақтық органдарына сүйене отырып, дауларды бейбіт реттеудің тарихи дәстүрінің (билер тәжірибесі) қайта жандануын, мемлекеттік бағдарламалар арқылы қаржы бөлу, медиаторларды даярлау үшін білім лицензиясының талап етілуі, шетелде оқып келген мамандарды

аккредитациялаудың ықшамдылығын, медиаторлар ұйымын құрудың күрделі емес тәртібін, медиатордың ертеде берілген халықаралық сертификаттарын мойындауды жатқызуға болады. Осымен бірге, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне медиация мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға сәйкес Қазақстанның Азаматтық және Қылмыстық кодекстеріне, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодекске өзгертулер енгізілді. Мұндай өзгертулер бұрынғы әрекеттегі заң жүйесі мен жаңа құқықтық институтты бір-бірімен тығыз байланыстыра түсті. 2011 ж. 3 шілдесінде ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес кәсіби медиаторларды оқытуды регламенттейтін және оларды даярлаудың үш сатылы жүйесін қамтамасыз ететін медиаторларды даярлаудың тәртібі бекітілген. Осылайша, қазіргі уақытта құқықтық институт ретінде медиацияны регламенттейтін және оны тиімді қолданудың бірыңғай заңнамалық негізінің қалыптасқанын көре аламыз.

Медиация институтының қалыптасуының алғашқы кезеңінде, 2011-2012 жж. Қазақстанда медиаторлардың 14 ұйымы жұмыс жасаған және тізілімде 260 кәсіби медиаторлар тіркеліп, олардың тарабынан медиацияның 700 рәсімі (оның 15 пайызы сот үрдісі шеңберінде) жүргізілген. 2011 ж. тамыз айынан 2012 ж. 1 қазаны аралығында «Медиацияның бірыңғай орталығы» және «Медиация» бітімгершілік орталығы тарабынан 450 медиация, соның ішінде 39 сот медиациясы жүргізілген [10; 19].

2018 ж. Қазақстанда ресми түрде 371 кәсіби және 4465 қоғамдық медиаторлар тіркелген. Статистикалық мәліметтерге сәйкес елімізде 871000 азаматтық істердің 4 пайызы медиация рәсімін қолданудың негізінде тоқтатылған [11]. ҚР Әділет министрлігінің мәліметтеріне сәйкес 2019 ж. Қазақстанда медиаторлардың 126 тіркелген [12]. Яғни, 2012 ж. салыстырғанда 2019 ж. Қазақстандағы медиация ұйымдарының саны 112 өскендігін байқаймыз.

Қазақстандағы медиация институты өзіндік ерекшеліктерге және даму жолындағы бірқатар мәселелерге ие. Ерекшеліктерінің қатарында медиация рәсімі арқылы дауды шешу барысында сыбайласқан жемқорлық фактордың орын алмайтындығын жатқызуға болады. Себебі мұнда дауласушы тараптардың біреуін өз жағына тартудың немесе қолдаудың қажеттілігі туындамайды және медиация арқылы дауды шешу барысында екі тараптың да мүддесін қанағаттандырмағанша келісімге қол қойылмайды. Осымен бірге, медиация рәсімінің мақсаты кінәлі немесе кінәсіз тарапты анықтау емес, дауды реттеудің өзара тиімді нұсқаларын табу болып саналады. Бұған қоса, медиация сот істері санының қысқаруына ықпал етіп, құқықтық жүйенің жұмысын жеңілдетеді. Дауласушы тараптар үшін сот шығындары көлемінің төмен болуымен және даудың барысына өзіндік бақылау орнату мүмкіндігінің туындауымен тиімді болып есептеледі. Қазақстандық медиацияның тағы бір ерекшелігі — «Медиация жөніндегі» Заңда келесі нақты үш жағдайда ғана медиация рәсімінің мүмкін еместігі атап көрсетілген: 1. Сот әрекетке қабілетсіз не әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған адамдардың мүдделерін қозғаса. 2. Тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде. 3. Даудың мазмұнында сыбайлас жемқорлық қылмыс орын алған жағдайда медиация рәсімі қолданылмайды.

Дегенмен, Қазақстандағы медиация институтының дамуының бірқатар мәселелері де бар. Олардың қатарына қоғамдағы татуластыру рәсімінің жеткіліксіз түрде таралуын және медиация рәсімінің артықшылықтары, дауды реттеу үшін тараптардың медиатор көмегіне сүйенуі жөніндегі құқықтары жөнінде еліміздің азаматтары арасында ақпараттық-түсіндірме жұмыстарының қажетті деңгейде жүргізілмеуін жатқызуға болады. Мысалы зерттеуші А.И. Кариповтың пікірінше халық арасындағы медиацияға жүгіну деңгейінің төмен болуының бір себебі — Қазақстан Республикасының азаматтары медиация үрдісі барысында қол жеткізілген келісім екі тараптың да мүдделерін теңдей қанағаттандырып (сотқа жүгіну барысында сот шешімі тек қана бір тарапты қанағаттандырады), дауласушы тараптарды татуластыратындығы жөнінде хабардар емес [13]. Зерттеуші И.А. Каратаев медиацияның өзекті мәселелерін қарастырып, «...алайда, медиацияны кеңінен тарату және осы мәселе бойынша нормативтік базаны жетілдіру, егер азаматтардың менталитеті, олардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасының деңгейі сияқты факторлар ескерілген жағдайда ғана мүмкін болатынын атап өту қажет. Біздің ойымызша, бұл проблеманы шешу барлық деңгейдегі мемлекеттік билік органдарының, оның ішінде жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, бұқаралық ақпарат құралдарының және медиаторлардың өздерінің белсенді ағартушылық жұмысында көрінеді» [14; 74] деп атап көрсетеді.

Осымен бірге, Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңының 9-бабына сәйкес кәсіби деңгейдегі медиатор қызметін жоғары білімі бар, жиырма бес жасқа толған және ҚР Үкіметінің бекіткен медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша білім алғандығын растайтын құжаты (сертификаты) бар тұлғалар және отставкаға кеткен судялар жүргізе алады. Ал, кәсіби емес деңгейдегі медиатор қызметін медиатор курсынан тәмамдаған және қырық жасқа толған азаматтар жүргізе алады. Яғни, медиаторлардың міндетті түрде заңгер болуы қажет емес. Сондықтан, қоғамның қарқынды да-

муы және қазіргі кезеңдегі жаһандану жағдайында кәсіби білімі және заң тұрғысынан талдау жасай алмайтын тұлғаға сенімсіздіктің туындауы да еліміздегі медиация институтының дамуына кері ықпалын тигізетіні сөзсіз.

### Қорытынды

Қазіргі уақытта даулар мен шиеленістерді шешу саласында маңызды орындарға не және көптеген жағдайларда тиімді рәсім болып табылады. Медиация институты өзінің қалыптасуы мен дамуы жағынан бірнеше кезеңдерден, медиацияның пайда болуы — медиация туралы алғашқы ойлардың қалыптасуы және оны даулы жағдайда қолдану қазіргі уақыттағы заңнамалық тұрғыдан бекітуден өтті. 2011 ж. бастап Қазақстанда қазіргі заманғы медиация рәсімі заң негізінде енгізілді. Әрине, еліміздегі дауларды шешу барысында қолданылатын медиация үрдісінің өзіндік ерекшеліктері және мәселелері бар. Шетелдік тәжірибе медиация институтының көмегі арқылы тек қана дауларды тез әрі тиімді шешіп қоймай, осымен қатар сот жұмысының көптеген мәселелерін (азаматтық істер санын қысқарту, істі қарау рәсімін жеңілдету, істердің қаралу мерзімін қысқарту т.б.) шешуге болатындығын көрсетіп берді. Қазіргі кезде медиация рәсімі арқылы мәдениетаралық, ұлтаралық, этникалық, өркениеттік, экономикалық, сауда және әскери дауларды шешу барысында белсенді түрде қолданудың мүмкіндіктері орын алған. Шетелдерде дауларды шешудің баламалы институты адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың тиімді тәсілі болып саналады. Сондықтан, шетелдердегі дауларды реттеудің баламалы рәсімдері дамуының оң тәжірибесі қазақстандық құқықтық жүйе үшін маңызды.

Осы медиацияны дамытуға және медиация жұмысын жетілдіруге байланысты мынадай ұсыныстар білдіргіміз келеді:

1. Медиация институтына қатысты нормативті-құқықтық базаны нақты және жүйелі түрде өңдеу немесе оларға толықтырулар енгізу, медиация рәсіміне және оның субъектілеріне тыңғылықты тәсіл арқылы қарау қажеттілігі ұсынылады. Осыларды дамытқан жағдайда еліміздің азаматтары медиацияға сенім артады және оны қолдана бастайды.

2. Қазақстанда қызмет жасайтын медиаторлардың және медиаторлардың тізілімін жасайтын ұйымдардың шынайы санын білу мүмкін емес. Сондықтан, біз медиация арқылы жыл сайын нақты қанша іс пен даудың шешілгендігін біле алмаймыз және нақты статистикалық талдау жасау мүмкін емес. Осы себепке байланысты, медиация институтына қатысты барлық сұрақтарды үйлестірумен шұғылданатын және статистикалық талдау жасайтын республикалық деңгейдегі арнайы орган құру қажеттілігі туындап отыр.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Rau A.S. Mediation and other non-binding ADR processes / A.S. Rau, E.F. Sherman, S.R. Peppet. — New York: Foundation Press, 2002. — 135 p.
- 2 Christopher W. Moore. The Mediation Process: Practical Strategies for Resolving Conflict / W. Christopher. — San Francisco: Jossey-Bass, 2003. — 599 p.
- 3 Кузнецова А.Г. Институт посредничества: опыт стран по всему миру [Электронный ресурс]. / А.Г. Кузнецова. — Режим доступа: <https://naukaru.ru/ru/nauka/article/43221/view>.
- 4 Коломытцева В.В. Этапы становления медиации в зарубежных странах / В.В. Коломытцева // Вестник Томского государственного университета. Серия. Гуманитарные науки. — 2013. — №2(118). — С. 268-272.
- 5 Аллахвердова О.В. История развития медиации / О.В. Аллахвердова, Е.Н. Иванова // Вестник Санкт-Петербургского университета. Серия История. — 2007. — №2. — С. 16.
- 6 Мета Г. Медиация — искусство разрешать конфликты. Знакомство с теорией, методом и профессиональными технологиями / Г. Мета, Г. Похмелкина. — Москва: VERTE, 2004. — 320 с.
- 7 Князев Д.В. История развития института мирового соглашения в российском гражданском праве / Д.В. Князев // Современные проблемы гражданского права и процесса: Сборник статей. — Новосибирск, 2004. — №2. — С. 9.
- 8 Валиханов Ч.Ч. Записка о судебной реформе. Собрание сочинений в пяти томах. Т. II. / Ч.Ч.Валиханов. — Алма-Ата, 1984. — 432 с.
- 9 Ахмедина К.К. Медиация как внесудебная форма защиты нарушенных прав / К.К. Ахмедина. — Костанай, 2019. — 78 с.
- 10 Романовская С.Ю. Практические аспекты применения нормативной правовой базы в сфере медиации / С.Ю. Романовская // Состояние и перспективы развития института медиации в условиях социальной модернизации Казахстана. — Астана, 2017. — С. 18-22.
- 11 Волкова В.В. Урегулирование споров без суда — наш национальный ресурс [Электронный ресурс] / В.В. Волкова. — Режим доступа: <https://senate.parlam.kz/ru-RU/blog/232/news/details/9995>.

12 В следующем году исполнится 10 лет Закону «О медиации» [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://assembly.kz/ru/news/v-sleduyushchem-godu-ispolnitsya-10-let-zakonu-o-mediatsii/>.

13 Карипова А.И. Некоторые аспекты сравнительной характеристики медиации в США и Республики Казахстан / А.И. Карипова // Вестник Академии провозохранительных органов. — 2021. — №1(19). — С. 51-57.

14 Каратаев И.А. Актуальные проблемы процедуры медиации в России и пути их решения / И.А. Каратаев // Актуальные проблемы права: Материалы V Международной научной конференции (г. Москва, декабрь 2016 г.). — М.: Буки-Веди, 2016. — С. 74-77.

Ж.К. Кенжебекова, Г.Т. Мусабалина, С.К. Қабылтаева

## **История становления института медиации в Казахстане: проблемы и перспективы**

В статье описана история становления института медиации в Казахстане как историческое, сформировавшееся, развивающееся и сложное социокультурное явление, которое в той или иной степени находит отражение в различных культурах с древнейших времен до наших дней. Авторами рассмотрены проблемы и перспективы развития института медиации. Проанализированы характерные особенности медиации, ее принципы, сделаны попытки раскрыть этнопсихологические особенности, препятствующие развитию медиации в казахстанском обществе. Авторы рассмотрели вопросы реализации Закона РК «О медиации», практику применения медиации в гражданском судопроизводстве, которое способствует развитию в Казахстане эффективного инструмента разрешения спора и конфликта.

*Ключевые слова:* институт медиации, история становления института медиации, медиатор, альтернативный способ разрешения спора, межнациональный конфликт, Казахстан.

Zh.K. Kenzhebekova, G.T. Mussabalina, S.K. Kabyltayeva

## **The history of the establishment of the institution of mediation in Kazakhstan: problems and prospects**

This article describes the history of the formation of the institution of mediation in Kazakhstan as a historically formed and developing, complex socio-cultural phenomenon, which, to one degree or another, is reflected in various cultures from ancient times to the present day. The authors considered the problems and prospects for the development of the institution of mediation. The characteristic features of mediation, its principles are analyzed, attempts are made to reveal the ethnopsychological features that impede the development of mediation in Kazakhstani society. The authors consider the implementation of the law “On Mediation”, the practice of using mediation in civil proceedings, which contributes to the development in Kazakhstan of an effective tool for resolving disputes and conflicts.

*Keywords:* institution of mediation, history of formation of the institution of mediation, mediator, alternative way of resolving a dispute, interethnic conflict, Kazakhstan.

### References

- 1 Rau, A.S., & Sherman, E.F. & Peppet, S.R. (2002). Mediation and other non-binding ADR processes. New York: Foundation Press.
- 2 Christopher, W. Moore. (2003). The Mediation Process: Practical Strategies for Resolving Conflict. San Francisco: Jossey-Bass.
- 3 Kuznetsova, A.G. Institut posrednichestva: opyt stran po vsemu miru [The institution of mediation: the experience of countries around the world]. Retrieved from <https://naukaru.ru/ru/nauka/article/43221/view> [in Russian].
- 4 Kolomyttseva, V.V. (2013). Etapy stanovleniia mediatsii v zarubezhnykh stranakh [Stages of formation of mediation in foreign countries]. *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya Gumanitarnye nauki — Bulletin of the Tomsk State University. Series Humanitarian sciences*, 2(118), 268-272 [in Russian].
- 5 Allakhverdova, O.V. & Ivanova E.N. (2007). Istoriia razvitiia mediatsii [The history of the development of mediation]. *Vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta. Seriya Istoriia — Bulletin of Saint Petersburg University. Series History*, 2, 16 [in Russian].
- 6 Meta, G., & Pokhmelkina, G. Mediatsiia — iskusstvo razreshat konflikty. Znakomstvo s teoriei, metodom i professionalnymi tekhnologiyami [Mediation is the art of resolving conflicts. Acquaintance with the theory, method and professional technologies]. Moscow: VERTE [in Russian].

- 7 Kniazev, D.V. (2004). Istoriiia razvitiia instituta mirovogo soglasheniia v rossiiskom grazhdanskom prave [The history of the development of the institution of a settlement agreement in Russian civil law]. *Sovremennye problemy grazhdanskogo prava i protsessy: Sbornik statei — Modern problems of civil law and process: Collection of articles*, Novosibirsk, 2, 9 [in Russian].
- 8 Valikhanov, Ch.Ch. (1984). Zapiska o sudebnoi reforme [Note on Judicial Reform]. *Sobranie sochinenii v piati tomakh — Collected works in five volumes*, Vol. II. Alma-Ata [in Russian].
- 9 Akhmedinova, K.K. (2019). Mediatsiia kak vnesudebnaia forma zashchity narushennykh prav [Mediation as an extrajudicial form of protection of violated rights]. *Kostanai* [in Russian].
- 10 Romanovskaia, S.Yu. (2017). Prakticheskie aspekty primeneniia normativnoi pravovoi bazy v sfere mediatsii [Practical aspects of the application of the regulatory legal framework in the field of mediation]. *Sostoianie i perspektivy razvitiia instituta mediatsii v usloviakh sotsialnoi modernizatsii Kazakhstana — Status and development prospects of the institution of mediation in the conditions of social modernization of Kazakhstan*, Astana [in Russian].
- 11 Volkova, V.V. Uregulirovanie sporov bez suda — nash natsionalnyi resurs [Settlement of disputes without trial is our national resource]. Retrieved from <https://senate.parlam.kz/ru-RU/blog/232/news/details/9995> [in Russian].
- 12 V sleduiushchem godu ispolnitsia 10 let Zakonu «O mediatsii» [Next year the Law “On Mediation” will be 10 years old]. Retrieved from <https://assembly.kz/ru/news/v-sleduyushchem-godu-ispolnitsya-10-let-zakonu-o-mediatsii/> [in Russian].
- 13 Karipova, A.I. (2021). Nekotorye aspekty sravnitelnoi kharakteristiki mediatsii v SShA i Respubliki Kazakhstan [Some aspects of the comparative characteristics of mediation in the USA and the Republic of Kazakhstan]. *Vestnik Akademii prooohranitelnykh organov — Bulletin of the Academy of law enforcement agencies*, 1(19) [in Russian].
- 14 Karataev, I.A. (2016). Aktualnye problemy protsedury mediatsii v Rossii i puti ikh resheniia [Actual problems of the mediation procedure in Russia and ways to solve them]. *Aktualnye problemy prava: materialy V Mezhdunarodnoi nauchnoi konferentsii. (g. Moskva, dekabr 2016 g.) — Actual problems of law: materials of the V International Scientific Conference. (Moscow, December 2016)*, Moskow: Buki-Vedi [in Russian].